

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 124 (9186)

1953 жылғы 23 июнь Сейсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Петропавл ауданындағы „Луч Ленина“ ауылшаруашылық артелі колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің Солтүстік Қазақстан облысының барлық колхозшыларына, колхозшы әйелдеріне, МТС-тері мен совхоздарының жұмысшыларына, ауыл шаруашылығының мамандарына

Ү Н Д Е У І

Туысқан Коммунистік партияның XIX съезі ауыл шаруашылығының еңбекшілері алдына жауапты және құрметті міндеттер қойды. Ол міндеттер колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан сайын нығайту және өркендету, МТС-тер мен совхоздардың жұмысын жақсарту, ауыл шаруашылығына алдыңғы қатарлы техника мен агрономиялық мәдениетті енгізу негізінде барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын онан сайын арттыруда, қоғамдық мал басын көбейтуде, сонымен қатар, оның өнімділігін, молайтуда болып отыр.

Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерінің тән ісіне айналды.

Совет үкметі мен Коммунистік партияның колхоз құрылысын гүлдендіре түсу жөнінде үнемі жасап отырған қамқорлығына жауап ретінде еліміздің ауыл шаруашылығының еңбекшілері мол қорларды және ішкі мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, колхоздардың қоғамдық дәулетін онан сайын арттыру, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау үшін зор қажырлылықпен күресуде.

Біз, еліміздің «Луч Ленина» колхозының жылдан-жылға өсіп, нығайғанына, өзінің қоғамдық шаруашылығын көбейткеніне қуанамыз. Тек соңғы екі жылдың өзінде егіс алаңдары 27 процент ұлғайды, дөңді дақылдар егу қатарлы және тоғыспалы әдіспен, қысқа мерзімдерде, жоғары агротехникалық дәрежеде жүргізілді. Біздің колхозымыз көптеген озат адамдарды өсірді. Олар өздерінің қажырлы еңбегімен колхоздың байлығын онан сайын арттыру үшін қоғамдық шаруашылықта орасан зор мүмкіншіліктер бар екенін көрсетті.

Егіс бригадасының бригадирі Роман Андреевич Девяткин өткен жылы трактор бригадасының бригадирі Сергей Петрович Артемьевпен ынтымақтаса отырып, 280 гектар алаңның әрбір гектарынан 108 пұттан өнім алды.

Комбайншы Готлиб Карлович Гелич тіркеудегі «Сталинец—6» қос комбайнмен 1195 гектар жердің егінін жыйнап, 9829 центнер астық бастырды. Тракторшы Леонид Петрович Иогин «С—80» тракторымен жұмсақ жерге айналдырғанда 1027 гектар жер жұмыстап, 261 килограмм жанар майын үнемдеді.

Біздің колхозымыз партиямыз бен үкметіміздің нұсқауларына жүзеге асыра отырып, қоғамдық мал шаруашылығын

шарын, атап айтқанда сүт пен жұмыртқаны—1 декабрьге дейін, ет пен теріні 1 октябрьге дейін, жүнді 15 сентябрьге дейін орындаймыз.

3. Қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасаймыз, сапалы жемшөп дайындаймыз, шөп шабу жоспарын 15 июльге дейін, маялауды 20 июльге дейін орындаймыз. Мал қыстайтын орындарға 20 августқа дейін дайындалған шөптің кемінде 70 процентін тасып аламыз және шөп тасуды 1953 жылдың 1 октябріне дейін аяқтаймыз.

4. Шөп сүрлеудің жоспарын 20 июльге дейін орындаймыз, әрбір сауын сыйырға арнап кемінде 5 тонна сүрленген шөп дайындаймыз. Әрбір сауын сыйыр мен мегезінде арнап 2,5 тоннадан жеміс тамырларын дайындаймыз, 10 июльге дейін шөп сүрлейтін траншеялар әзірлейміз және жеміс тамырларын сақтау үшін жеміс қоймасын саламыз.

5. Үстіміздегі жылы малды қолда ұстау үшін арнаулы үлгідегі төрт мал қорасын саламыз. Жас төлдерді қабылдауға арналған орын құрылысын 1 августқа дейін, ал жөндеу және ішкі жабықтау жұмыстарын 1 октябрьге дейін аяқтаймыз.

6. Колхозшылардың еңбегін жеңілдету және үш фермада еңбек өнімділігін арттыру мақсатында мал азығын буландырғыштар орнатамыз, ал сүт-товарлы және шошқа фермалары үшін жеміс тамырларын кескіш орнатамыз. Малды тек ұнтақталған және әзірленген концентратпен азықтандырамыз.

ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

1. Дөңді дақылдардың 785 гектарлық алаңының әрбір гектарынан 110 пұттан, ал қалған бүкіл алаңның әрбір гектарынан 90 пұттан өнім аламыз. Мол өнім алуды қамтамасыз ету үшін 1 июльге дейін дөңді дақылдардың бүкіл алаңының арам шөбін отауды аяқтаймыз, июнь және июльде екі рет механикалық әдіспен арам шөп отау, қопсыту және овощь-бақша дақылдарын түптеу жұмыстарын жүргіземіз.

2. 15 июльге дейін барлық арбаларды, автомашиналарды, астық газалайтын машиналарды және таразы шаруашылығын жөндейміз.

3. Астықты жауын-шашыннан сақтау және оны мемлекетке тапсыру үшін үздіксіз тазалау мақсатында 25 июльге дейін қосымша көп астық сыйтын үш жабық қырман саламыз. Егін жыйнау басталғанға дейін қосымша механикаландырылған

Совет үкметі мен Коммунистік партияның колхоз құрылысын гүлдендіре түсу жөнінде үнемі жасап отырған қамқорлығына жауап ретінде еліміздің ауыл шаруашылығының еңбекшілері мол қорларды және ішкі мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, колхоздардың қоғамдық дәулетін онан сайын арттыру, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау үшін зор қажырлылықпен күресуде.

Комбайндар тез әрі сапалы жөнделсін

Облыс МТС-терінде комбайндарды жөндеудің барысы

(1953 жылғы 20 июньдегі мәлімет бойынша)

МТС-тер	Жоспардың орындалу проценті
Преснов	56,4
Булаев	55,0
Ленин атындағы	53,6
Торангүл	48,5
Пушкин атындағы	47,0
Суворов	45,4
Шағлы	45,3
Налобин	44,4
Вильямс атындағы	44,1
Чистян	43,9
Чапаев атындағы	43,6
Полудень	43,3
Образцовая	42,5
Асанов	41,9
Куйбышев атындағы	40,5
Тимирязев атындағы	37,5
Баян	36,7
Ворошилов атындағы	35,7
Николаевка	35,7
Ново-Георгиевка	35,0
Семишолка	34,2
Ильич атындағы	34,2
Совет	32,5
Майбалық	32,1
Прешені	32,1
Интернационал	31,1
Калинин атындағы	28,8
Соколов	27,2
Петропавл	27,0
Сартомар	25,9
Коновалов	25,0

МТС-тер бойынша барлығы 39,2.
Совхоздар бойынша барлығы 36,0.

Чапаев атындағы МТС-те

Ауылшаруашылық жылындағы жауапты кезең —егін орағы жақындап келеді.

Суворов МТС-індегілер егінді немен жыйнайды

Суворов атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда быйыл егістік жердің көлемі едәуір ұлғайтылды. Кәзір оларда егін тез қаулап өсіп келеді. Бұл егіс түгелдей комбайнмен жыйналады. Барлық ауылшаруашылық дақылдарын мезгілінде, шырапсыз жыйнап алуда комбайн паркі шешуші күш. Олай болса, комбайн жөндеуді тыңғылықты ұйымдастыру, бұл жұмысты егін орағы басталғанға дейін толық және сапалы аяқтау аса маңызды іс.

Ал, Суворов атындағы МТС-те комбайн жөндеу қалай жүргізіліп жатыр. Бұл МТС-тің басшылары (директоры Мотыгин жолдас) комбайндарды егін жыйнауға үлгілі әзірлеу жөнінде жеткілікті қамқорлық жасап отыр ма? Жоқ. Мұнда егін орағына әзірлік, әсерсе, комбайн жөндеу қарқыны өте баяу. МТС-те быйыл 53 комбайн жөндеуден өтуге тиіс. Алайда, кәзір жөндеген комбайн өте-мөте аз. 17 комбайн жөндеді деп мәлімет берілген. Шынында бұлай емес, мұнда осы күнге дейін бар болғаны 15 комбайн ғана жөндеген. Мұның 8 і өткен жылғы күзде жөнделіп болған. Екі комбайн әлі жөнделіп біткен жоқ. Солай бола тұрса да, МТС басшылары мұндай комбайндарды жөндеді деп мәлімет беріп, көзбаяушылыққа салынған.

Бұл МТС-те комбайн жөндеудің нашар жүргізілуінің себебі неде? Мұның себебі сол —МТС басшылары, оның директоры Мотыгин жолдас комбайн жөндеуге қолда бар күш- мүмкіншіліктерді толық жұмылдыра алмай отыр. Мастерскойда еңбек өнімділігі өте төмен. Жөндеушілер арасында үгіт- бұқаралық жұмысы өрістетіле жүргізілмейді. Комбайн жөндеудегі озат әдістер кеңінен қолданылмайды және терең зерттелмейді. Жөндеу жұмысында

күндік, бескүндік тапсырманы үнемі мінсіз орындау механизмдерден талап етілмей келеді. Соның салдарынан комбайн жөндеуде жүрген механизмдердің көпшілігі сменалық тапсырманы орындамайды. Өйткені, олар жұмысқа кеш шығып, оны ерте аяқтайды. МТС басшылары мұндай жағдайды көре- біле тұра ешбір шара қолданбай, төзумен келеді.

Егін орағына әзірлікте еңбек өнімділігінің төмен болуының тары бір себебі—комбайншылардың бірқатары жөндеу жұмысына әлі күнге дейін тартылған жоқ. Жөндеу жұмысына барлық механизмдерді қатыстырып, олардың күн сайын өнімді еңбек етуіне жетісуді, сөйтіп, комбайн жөндеуді қысқа мерзімде және сапалы аяқтауды МТС басшылары тіпті ойлайтын да емес.

МТС-те комбайндарды жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектер мен материалдар да жеткілікті дайындалмаған. Бұл комбайнды тез және сапалы жөндеу ісіне бөгет жасамай отырған жоқ. Мұны МТС-тің директоры Мотыгин, бас инженері Небывайлов, механик Распопин жолдастар біліп те, көріп те отыр. Ама! не, олар қосалқы бөлшектер мен материалдарды жеткілікті даярлап, егін жыйнауға әзірлікте әрбір сағат уақытты тиімді пайдалануды, әрбір комбайнның сапалы жөндеуден өтуін қамтамасыз етуді ұйымдастырудан тыс қалуда. Комбайн жөндеудің күндік, бескүндік графигінің ұдайы орындалмай келе жатқанына, көп комбайнның жөндемей тұрғанына бұл жолдастар ешбір қынжылмайды. Олай болса, Суворов МТС-індегілер комбайн жөндеуді осыншалықты кешкірткенде егінді немен жыйнамақ?

Б. ЖАҚЫПОВ,
ҚАРАҒОҒА. (Өз тілшіміз).

өнімділігін арттыруда, оның сана құрамын жақсартып, өнімділігін арттыруда.

Малдың өнімділігін арттыруда алдыңғы қатарлы сауыншыларымыз жақсы нәтижелерге ие болды: Евдокия Семеновна Артемьева сүт сауу жоспарын 4132 литр, Мария Михайловна Рыманова 2390 литр арттырды, сол сияқты, сауыншылар Анна Ивановна Зубанкова, Мария Ксенофонтовна Вычканова және басқалары осындай табыстарға ие болды. Бұзау күтуші Мария Агафьева 94 бұзауды аман сақтап, өсірді.

Колхоздың ішкі қорларын дұрыс пайдаланып, жаңа техника мен агрономиялық мәдениетті енгізу, барлық колхозшылардың қоғамдық шаруашылыққа белсене қатысуы және еңбек өнімділігінің арттырылуы нәтижесінде колхозымыз 1952 жылы ақшадай ірі кіріс тауып, миллионер болды.

Біз, көпшілік жыйналысына жыйналған, «Луч Ленина» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары өз жұмысымыздың қорытындыларын талқылап, әлі де болса көп жұмыстарды істемегендігімізге, қоғамдық шаруашылықты онан сайын өркендету үшін зор мүмкіншіліктерді пайдаланбағандығымызға көз жеткіздік. Сондықтан өзіміздің мүмкіншілігімізді есептей келіп, мынадай қосымша міндеттемелер аламыз:

ҚСҒАМДЫҚ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУ ЖӨНІНДЕ

1. Мерзімінен бұрын—1953 жылғы бірінші ноябрьге дейін мал мен құстардың барлық түрін өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындаймыз, олардың өнімділігін арттырамыз. Әрбір сауын сыйырдан сүт сауудың тағайындалған жоспарын асыра орындаймыз. Малды азықтандыруды және жайылымда бағуды, мемлекетке тек қана жоғары сапалы ет тапсыратындай етіп ұйымдастырамыз.

2. Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жос-

астық кептіргіш, автоматтық таразы орнатамыз және қырман-дардағы барлық жұмыс процесін механикаландырамыз.

4. Дөңді дақылдарды жыйнаууды 25 жұмыс күні ішінде аяқтаймыз, мемлекетке астық тапсыру жоспарын 10 сентябрьге, ал өмеші және картофель тапсыруды 1 октябрьге дейін аяқтаймыз.

5. 1 октябрьге дейін қажетті мөлшерде тұқым қорын жасаймыз және тазалаймыз, әрбір дақыл бойынша сақтық қорын жасаймыз.

6. Ауылшаруашылық артелінің Уставына сәйкес азық-түлік, жемшөп және астықтың товарлы қорларын жасаймыз.

7. 20 августқа дейін жақсы өңделген дәрларға күздік егу жоспарының орындалуын қамтамасыз етеміз.

Алынған міндеттемелерді ойдағыдай орындау үшін біз ұйымшылдықпен және адал жұмыс істейміз, барлық күшімізбен қоғамдық шаруашылықты молайтамыз, еңбеккүште ақшадай және заттай ақы төлеуді арттырамыз, үстіміздегі жылы колхоз бойынша ақша кірісінің 1,5 миллион сом болуын қамтамасыз етеміз.

Біз, «Луч Ленина» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мен колхозшы әйелдері, өзімізге көтеріңкі міндеттемелер алып, облысымыздың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдерін, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлерін, ауыл шаруашылығының мамандарын бізден үлгі алуға және социалистік жарысты кеңінен өрістетуге негізінде колхоз құрылысын онан сайын өркендетіп, гүлдендіруге жетісуге шақырамыз.

Бұл үндеу «Луч Ленина» ауылшаруашылық артелі колхозшыларының 1953 жылғы 19 июньдегі жалпы жыйналысында қабылданды.

Жалпы жыйналыстың тапсыруы бойынша үндеуге қол қойғандар:

Колхоз басқармасының председателі
Партия ұйымының секретары
Селолық Советтің председателі
Комсомол ұйымының секретары
Бірінші егіс бригадасының бригадирі
Екінші егіс бригадасының бригадирі
Үшінші егіс бригадасының бригадирі
Төртінші егіс бригадасының бригадирі
Огород бригадасының бригадирі
№ 1 мал фермасының меңгерушісі
№ 2 мал фермасының меңгерушісі
Қой фермасының меңгерушісі
Шошқа фермасының меңгерушісі
Жылқы фермасының меңгерушісі
№ 3 трактор бригадасының бригадирі
№ 4 трактор бригадасының бригадирі
№ 5 трактор бригадасының бригадирі
Комбайншы
Сауыншы
Тракторшы
Меңалымды машинаның машинисі
Шопан

Е. БӘУКЕНОВ.
А. СЛЕПЧЕНКО.
В. ВУЧКАНОВА.
М. ПАРАМОНОВА.
Р. ДЕВЯТКИН.
Е. СЕРГЕЕВ.
И. КАЛИНИН.
Ж. ЖАРҚЫМБАЕВ.
Е. ФЕДОРОВ.
И. ДЕВЯТКИН.
Б. МИХАЙЛОВ.
М. ТЕРП.
И. ПЕТРОВ.
Б. ТЕЛТАЕВ.
М. БАЙТҰСОВ.
С. АРТЕМЬЕВ.
К. СУКЕЕВ.
Н. КУЛИБАБА.
Е. АРТЕМЬЕВА.
Н. ЖАҚЫПОВ.
Ю. ЛУЧЕЕВ.
Р. ЖОЛДЫБАЕВ.

Қазақстан КП облыстық комитетінде

Петропавл ауданындағы „Луч Ленина“ колхозының колхозшыларының, колхозшы әйелдерінің үндеуі туралы

Қазақстан КП облыстық комитеті Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозы колхозшыларының, колхозшы әйелдерінің барлық ауылшаруашылық жұмыстарын, 1953 жылғы мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін және шикізаттарды тапсыру жөніндегі міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау туралы облыстың барлық колхозшыларына, колхозшы әйелдеріне, МТС және совхоз қызметкерлеріне, ауыл шаруашылығының мамандарына арнаған үндеуін мақұлдады.

Қазақстан КП аудандық комитеттеріне, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың бастауыш партия ұйымдарына Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозы колхозшыларының, колхозшы әйелдерінің үндеуін колхозшылардың, МТС-тердің және совхоздардың жұмысшыларының жалпы жыйналыстары-

да талқылау, әрбір колхоз бен совхоз бойынша ауылшаруашылық жұмыстарын мерзімінен бұрын орындаудың, мемлекеттік жоспарларды және ауылшаруашылық өнімдері мен шикізаттарын мемлекетке тапсыру жөніндегі міндеттемелерін орындаудың практикалық шараларын белгілеу тапсырылды.

Қазақстан КП аудандық комитеттеріне, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың бастауыш партия ұйымдарына социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, жұмыстың орындалуы барысын бригадалардың және мал фермаларының өндірістік кеңестерінде он рұн сайын талқылау, әрбір колхоз, МТС, совхоз бойынша қабылданған міндеттемелердің сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету жөнінде оперативті шаралар белгілеу және қажетті көмек көрсету тапсырылды.

Чапас атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда жаздық бидайдың және басқа да дөңді дақылдардың егіс көлемі бытырғыдан бытыл өдеуір артты. Оның шығымы да өткен жылғыдан әлде қайда жақсы. Мұндай бітік шығып келе жатқан өгінді піскеннен кейін-ақ кезінде, ысырапсыз, сапалы жыйнап алу еңадымен егін орағына қажетті машиналарды түгелдей жұмысқа қосуға, оны толық қуатымен пайдалануға байланысты. Ол үшін машиналарды уақытылы сапалы жөндеуден өткізу керек.

Чапас атындағы МТС-тің механизаторлары мұны жете түсініп, комбайндарды жөндеу жұмысын быйыл ерте қолға алды. Комбайн жөндеуге МТС-тің барлық комбайншылары қатыстырылды.

Бұл күндері МТС механизаторлары социалистік жарысты кеңінен өрістетуге отырып, комбайндарды тез және сапалы етіп жөндеуде. МТС-те кәзірдің өзінде 20-дан астам комбайн сапалы жөндеді.

С. ӘБІЛОВ.

Егін жыйнауға әзірлік

Возвышен совхозының коллективі егін орағына үлгілі әзірлік жүргізіп жатыр. Бұл жұмысқа совхоздың барлық бөлімшелері мезгілінде және ұйымшылдықпен кірісті. Бірінші күннен механизаторлар социалистік жарысты кеңінен өрістетуге отырып, комбайндар мен басқа да егін орағына қажетті машиналарды тез және сапалы жөндеуде.

Совхозда кәзірдің өзінде 32 комбайн, 2 дөң тазалайтын машина, 4 астық кептіргіш және 3 таразы толық жөндеуден өткізілген. Сондай-ақ, астық қоймаларын, қырмандарды жөндеуге ағаш шеберлері бөлініп, арнаулы құрылыс бригадасы ұйымдастырылған. Құрылысшылар бұл күндері бұрынғы астық қоймалары мен ашық және жабық қырмандарды жөндеуді қызу қолға алды.

Егін орағына әзірлікте совхоздың № 3 бөлімшесінің мүшелері өздерінің үлгілі істерімен көзге түсулі. Бөлімше

мүшелері бір-бірімен ынтымақтаса еңбек етіп, жоғарғы көрсеткіштерге жетіп жүр. Осы арқылы олар егін жыйнау мен астық дайындауға тыңғылықты әзірленуге өз үлестерін қосуда. Мұнда, әсіресе, механизаторлар еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Олардың қатарында комбайншылар Қажымжаров, Гамиршид жолдас-тар бар. Бұлар комбайн жөндеуде өздеріне тағайындалып берілген норманы үнемі 130—150 процент етіп орындайды, ал слесарь Мойсеенко жолдас бұл жұмыста күндіз тапсырманы 170—180 процентке дейін орындап, социалистік жарыста үздік алды.

Бөлімшеде егін орағына әзірлікте мұндай табыстарға қолы жеткен механизаторлар көп. Олардың өнімді еңбегі өзінің игі нәтижесін беруде. Кәзір бөлімше бойынша 8 комбайн және бірнеше егін жыйнайтын машиналар жөндеді бітті. Ж. ЖӘКЕНОВ.

Туған елімізде

Механизаторлар колхоздарға 100 мың еңбеккүн үнемдеді

МЕЖЕВАЯ, (Днепропетровск облысы), 19 июнь. (СОТА). Бүгін Межевская МТС-нің механизаторлары қатар-аралық егіс өңдеу жөніндегі бір жылға алған міндеттемесін аяқтады. Ұзын және ен бойына жүгері аралықтарын бес рет қопсыту, күнбағыс, картофель және азықтық қант қызылшасын төрт рет қопсыту жұмыстары тракторлармен жүргізілді.

Жаңалық тапқыш Гаврил Сулима басқарған трактор бригадасы жұмыс істейтін Фрунзе атындағы ауылшаруашылық артелінде жуырда Сталинград облысының колхозшылары болды. Қонақтар өте жақсы шығып келе жатқан

егістерді көрді. Жүгері, күнбағыс, кендір плантацияларында және бақшаларда арашөп жоқ. Сулима жолдасының бригадасы егіс алаңдарын арашөптерден тазарту жұмысын толық механикаландырған. Колхоз жүгері мен күнбағысты баптау жұмысына жоспарда белгіленгендегіден 800 еңбеккүнді кем жұмсаған.

Үстіміздегі жылы дөңді және техникалық дақылдар егісін баптау жұмысының 80 проценті МТС машиналарымен орындалады. Кәзірдің өзінде ақ механизаторлар колхоздарға 100 мыңға жуық еңбеккүнді үнемдеп берді.

Колхозшылар курорттарға баруда

КИЕВ, 18 июнь. (СОТА). Кеше Украинаның курорт басқармасы Одессаның емдеу орындарында демалу үшін Киев облысы, Фастов ауданының Хрущев атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшысы П. Кирилко, Киев облысы, Белгородка селосындағы Сталин атындағы колхоздың мүшесі Н. Удовиченко жолдастарға путевкалар берді. Киев облысының Богуславск ауданындағы Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшесі М. Бобенко Қырым санато-

ринде демалу үшін путевка алды.

Киев облысындағы Борисполь ауданының «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелі Украин курорт басқармасынан шарт бойынша Миргородта және басқа курорттарда демалу үшін бес путевка алды.

Украин курорт басқармасы быйыл өткен жылғы осы мерзімдегіден курорттарға 200 колхозшыны артық жіберді.

ЗАКАРПАТЬЕДЕ АРПАНЫ ОРУ

УЖГОРОД, 19 июнь. (СОТА). Закарпат облысының алқаптағы округтерінде жазғы салынған арпаны жыйнау жұмысы басталды. Арпа егістері бірінші болып Берегов округінің колхоздарында жыйналды. Севлош МТС-нің

механизаторлары да арпа жыйнауға кірісті.

Өткен жылмен салыстырғанда комбайнмен жыйналатын астықтың мөлшері екі есеге жуық артатын болады. Колхоздарда жабық қырмандардың саны екі есе көбейген.

Колхоз магазиндері

БОБРУЙСК, 20 июнь. (СОТА). Облыстың колхоздары күн сайын өздері шығаратын көптеген ауылшаруашылық азық-түліктерін қала базарында ашылған өздерінің магазиндеріне сатуда.

Мұнда кеше Киров ауданының «Рассвет» колхозының магазиндерінде ет және сүт көп сатылды. Бұл дүкендерде мыңға жуық тұтынушылар болды.

Еңбекшілер өздеріне жеке меншікті үйлер салуда

ЛУЦК, 19 июнь. (СОТА). Зоя Космодемьянская атындағы көше көк жап-рақ жамылған ағаштармен сәулеттенген және кең. Мұнда ондаған кішіне үйлер бар. Бұл — облыс орталығындағы соғыс жылдарынан кейін жеке адамдар салған үйлерден тұратын он төртінші көше.

Соғыстан кейін мемлекетіміз еңбекшілерге қарызға көптеген қаражат берді. Осы берілген қаражаттарға облыстың қалалары мен жұмысшы поселоктерінде он мыңнан астам жеке тұрғын үйлер салынды. Үстіміздегі жылы 1400-ге жуық үйлер салынады.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Аудандық газеттерге басшылықтың дәрежесі жоғары болсын

Коммунистік партияның XIX съезі партия ұйымдарының алдына идеялық-саяси ықпал жасаудың барлық құралдарын, біздің насихатты, үгітті, баспасөзді жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның саяси қырағылығын және саналдылығын үнемі арттырып отыру мақсатына бағыттау міндетін қойды.

Біздің баспасөз — партияның ең өткір және ең күшті құралы. Баспасөз арқылы партия күн сайын, сағат сайын бұқарамен өзіне керекті тілде сөйлесіп отырады. Еңбекшілер бұқарасын саяси жағынан тәрбиелеуде аудандық газеттер маңызды роль атқарады. Олардың міндеті — еңбекшілерді жергілікті жердің, өзінің ауданының, облысының және бүкіл еліміздің тамаша өмірінен алынған нақтылық фактілер арқылы тәрбиелеп, оларды ауданның алдында тұрған міндеттерді дерезінде шешу күресіне жұмылдыру.

Облысымыздағы аудандық газеттердің көпшілігі өскелең талаптарға сай жұмыс істеп, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің өмірін кеңінен жазып келеді. Партия тұрмысы жөнінде мазмұнды материалдар аудандық газеттерде жиі жазылатын болды. Ауыл-село тілшілері активінің құрамы өсті.

Мұның бәрі аудандық партия комитеттерінің өздерінің баспасөз органдарына жете көңіл бөлегінін, газеттердің мазмұнына терең талдау жасап, оларда жарияланған сын мақалаларды қуаттап отыратынын дәлелдейді.

Өткен жылы март айында облыстық партия комитетінің бюросы Октябрь аудандық «Колхозное знамя» газетінің (редакторы Булаев жолдас) есебін тыңдап, редакцияның жұмысындағы елеулі кемшіліктерді және аудандық партия комитетінің газетке жеткіліксіз басшылығын атап көрсетті. Редакция және аудандық партия комитеті облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінің қаулысынан дұрыс қорытынды жасап, газеттің идеялық мазмұнын жақсарту жөнінде бірқатар жұмыстар істеді.

Газеттің активі еселеп өсті. Кәзір «Колхозное знамя» газетінің активі өткен жылға қарағанда екіжарым есе көбейді. Бұл факт газет редакцияның бұқарамен байланысы анағұрлым ыңғайланып сипаттайды. Осының нәтижесінде «Колхозное знамя» газеті ауданның алуан түрлі өмірін әржақты және мазмұнды жазып

★
М. РЫМЖАНОВ,
ККП облыстық комитетінің
насихат және үгіт бөлімінің
меңгерушісі

★
оның бірінші секретары Брикунов жолдас өзінің баспасөз органына басшылық жасау ісіне немқетті қарайды. Осының салдарынан «По ленинскому пути» газеті ауданның өмірін үстірт жазады. Газет бетінде бастауыш партия ұйымдарының жұмысы, партия насихаты мен үгіт мәселелері терең, мазмұнды жазылмай келеді. Ол ауылшаруашылық озаттарының тәжірибелерін де жеткіліксіз насихаттайды.

«По ленинскому пути» газеті ауыл шаруашылығын өркендетудің перспективті мәселелерін, колхоздардың қоғамдық дәулетін онан әрі молайту және өркендету жолдарын жазуды ұмыт қалдырып келеді. Оның ауыл-село тілшілерінің саны мүлдем аз. Газеттің жұмысына аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің қызметкерлері қатыспайды.

Мұндай елеулі кемшіліктердің орын алу себебі не? Оның себебі — аудандық партия комитеті өз газетінің идеялық мазмұнын жақсарту ісімен жеткіліксіз шұғылданады, газетті ауданның маңызды мәселелерін жазып отыруға бағытталмайды, өзінің баспасөз органын колхозшыларды, МТС жұмысшыларын ауыл шаруашылығының алдында тұрған басты міндеттерді орындау күресіне ұйымдастыру ісіне пайдаланбайды.

Рас, аудандық партия комитеті редакцияның жұмысы жөнінде мәселе қармайды деп кінәлауға болмайды. Өткен жылы аудандық партия комитетінің бюросы арнаулы мәселе қарап, жап-жақын қаулы алды. Бірақ, не пайда, қаулы жүзеге асырылмай қағаз жүзінде қалып қойды. Мұның өзі аудандық партия комитетінің газетке формальді басшылық жасайтынын көрсетеді.

Кейбір аудандық партия комитеттері өздерінің баспасөз органдарының назарын бірінші кезектегі мәселелерді жазуға аудармайды.

Партия мен үкмет мал азығының берік қорын жасау ісіне зор маңыз беріп отыр. Өйткені, қоғамдық мал шаруашылығының онан әрі өркендеуі осы-
ның байланысты. Кәзір облысымыздың

Потуданский жолдас) жоғарыда аталған мәселелерді мүлде қанағаттанғысыз жағдайда қарай отыр. Аудандық партия комитеті газетті еңбекшілер бұқарасын коммунистік рухта тәрбиелеудің күшті құралы ретінде пайдаланбайды.

Насихат және үгіт жұмысын онан әрі жақсартуда баспасөздің зор роль атқаратыны мәлім. Аудандық газеттер Лениннің, Сталиннің ұлы идеяларын насихаттап, партия мен үкметтің қарарларын кеңінен түсіндіруге, еңбекшілерді саяси-шаруашылық жұмыстарды ойдағыдай орындау күресіне ұйымдастыруға тиіс.

Кейбір аудандық газеттер партиялық насихаттың мәселелерін мүлде жеткіліксіз жазады. Көнәхов аудандық «Сталинский путь» газеті (редакторы Самсонов жолдас) жаңа оқу программасы бойынша коммунистер мен партияда жоғарыдағы маркстік-лениндік оқуы жөнінде мақалаларды аз жазады. Партия ұйымы секретарьлары мен насихатшылардың мақалаларын ұйымдастырмайды. Бұл газет жаңа оқу жылында еске аларлықтай етіп, партия оқуы жүйесінің жұмысында өткен жылы кездескен кемшіліктерді ашпайды.

Саяси үгіт және мәдени-ағарту жұмыстарының мәселелері де жеткіліксіз жазылып келеді. Кейбір газеттер бұл мәселелерді жазуда науқаншылыққа жол береді.

Преснов аудандық «Ударник» газеті дала жұмыстары басталар алдында Молотов атындағы колхоз партия ұйымының, «Жизнь» колхозының үгіт коллективінің және Ново-Рыбинск оқу үйінің көктемгі өгіс кезіндегі партиялық-саяси жұмыстар туралы жоспарларын жариялады. Бірақ, ол жоспарлардың орындалуы жағында газет өзінің оқушыларына мардымды ештеңе хабарламады. Редакция тек бұл жөнінде біраз мазмұны кем қысқа мақалалармен ғана қанағаттанды. Преснов аудандық партия комитеті газет бетінде саяси жұмыстың жайын үнемі жазып отыру жөнінде тиісті талап қоймады.

Бірыңшыра газеттер басшы партия, совет қызметкерлерінің саяси баяндамалары қойылған еңбекшілердің бұқаралық жыйналыстары сияқты маңызды мәселені жазудан тыс қалып келеді. Партиялық жұмыстың бұл түрі партия ұйымдарының бұқарамен байланысын күшейтіп, еңбекшілердің саяси саналылығын арттыратыны және оларды саяси-шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындауға ұйым-



Петропавл темір жол училищесінің бірінші класының өндірістік оқу сабағында.

СУРЕТТЕ: № 6 топтың оқушылары слесарьлар мастерскойның сабағында. Алдыңғы қатарда — өндіріс жоспарын үнемі асыра орындаушы комсомолец Юрий Гамов.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жаңа оқу жылына әзірлік

Булаев ауданының мектептері Ленин ауданы Александровка селолық Советі депутаттары мен активтерінің, колхозшыларының облыс еңбекшілеріне үндеуін қажырлы еңбек үстінде қарсы алды. Бұл күндері ауданда мектептерді жай және күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Көп мектептерде жөндеу жұмысы аяқталып, жаңа оқу жылына әзір тұр.

Тілеуінші, Бірлік бастауыш мектептерінде жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Мектептер оқулықтар және көрнекі, жазу құралдарымен жабдықталды. Сол сияқты, Писаревка жетіжылдық мектебінде де отын толық тасылып болды. Бұл күндері аудан бойынша 6 бастауыш мектепте келесі оқу жылына әзірлік жұмыстары аяқталды.

Жас өнерпаздар

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозының көркемөнершілері аудандық көркемөнершілерінің дарындылығын байқауға қатысты. Мұнда З. Қабдрахманова, М. Шаяқанова және басқалары Отан туралы, Сталин туралы совет композиторларының әндерін

Герман Демократиялық Республикасы зерт органдарының Батыс Берлин арандатушысы Кальковскийден жауап алу жөніндегі хабары

БЕРЛИН, 19 июнь. (СОТА). Батыс Берлин агенттерінің Берлиннің демократиялық секторында ұйымдастырған бұзақылықтарына байланысты, Герман Демократиялық Республикасының қауіпсіздік органдары толып жатқан арандатушыларды тұтқыңға алды. Тергеу орындары 17 июньде тұтқыңға алынған Вернер Кальковскийден жауап алудың мынадай протоколын жариялады. Заңда белгіленген тәртіп бойынша сол протокол жауап алынған кісінің тексеріп шығуына берілген және ол мұны растаған. Вернер Кальковский 1916 Гюстровте (Мекленбург) туған, неміс, партияда жоқ, үйленген, мамандығы — артист, жұмыссыз. Ол Берлиндегі Науинштрасседе, 34-үйде тұрады.

СУРАҚ: Сіз Берлиннің қай секторында тұрасыз?

ЖАУАП: Мен Берлиннің американ секторында тұрамын.

СУРАҚ: Берлиннің демократиялық секторында тәртіпсіздік ұйымдастыру әрекеті жасалған кезде сіздің басқалармен бірге тұтқыңға алынуыңыздың жайы қалай болды?

ЖАУАП: 17 июньде таңертең мен кемінде 90 адамнан құрылған топпен Батыс Берлиннен демократиялық секторға жөнелтілдім. Біз онда тәртіпсіздік ұйымдастырып, ереуіл жасаушы жұмысшыларды осы тәртіпсіздікке қатыстырмақшы едік.

СУРАҚ: Мұндай тапсырманы сізге беруші кім?

ЖАУАП: 16 июньде кешкі сағат 6-да менің пәтеріме Пауль Гюнтинг келді, мен оны Гюстровта тұрғанда білетін едім, ол да Батыс Берлинде тұратын. Ол маған жақсы сың алу үшін Берлиннің Демократиялық секторында тәртіпсіздік ұйымдастыруға қатысуды ұсынды. Сонымен бірге, Гюнтинг маған бұл тәртіпсіздікті ұйымдастырудың оңай болатынын, өйткені, демократиялық сектордағы жұмысшылардың белгілі бір бөлегі ереуіл бастап отырғанын айтты. Бұл ереуілді бүлікшілікке айналдыру керек. Оны тыңдап болғаннан кейін мен оған бұл қылмысты іске қатысуға дайын екенімді айттым, өйткені, мен осы арқылы ақша тауып қалғым келді. Бұл істің қалай жүзеге асырылуға тиісті екендігі туралы неғұрлым толық нұсқауды мен келесі күні таңертең алдым.

СУРАҚ: Бұл туралы толығырақ айтыңызшы.

ЖАУАП: Гюнтинг менен кетерде маған 17 июньде таңертеңгі сағат 8-де Брейтенбахплацке баруға тиісті екенімді айтты. Мен солай еттім. Тағайындалған уақытта белгіленген жерге барсам, онда, менен басқа, кем дегенде 90 адам бар екен. Олардың арасында Иозеф Шнейдер, Георг Герке, Рейенгольд Мароль, Рудольф Эншинский, Вальтер Хальк және Гюнтер Нимец бар. Жый-

Мұнан соң Гюнтинг тәртіпсіздік туғызуға біз өзіміз қызу қатысуға тиісті екенімізді айтты. Біз үкмет үйіне шабуыл жасауға, өрт салуға, магазиндерді талауға, халықтық полицейлерді ұрып жығуға, жалпы алғанда қаруды да қолдана отырып, өкмет орындарына қарсы қыймыл жасауға тапсырма алдық.

Онан соң американдық Хивер сөйледі. Ол бізді өзімізге дапсырылып отырған міндетті мүмкіндігі болғанынша жақсы орындауға шақырып, бұл үшін біздің әрқайсымызды үш ай демалысқа жіберуге уәде етті. Ал, біздің арамиздағы ешқандай жұмыссыз жүр-ен адамдар осыдан кейін Батыс Герман полициясына қабылданады, онда оларға жақсы жалақы белгіленеді деді.

Оның үстіне, біздің әрқайсымызға 50 батыс маркасын беруге уәде етті, бұл ақшаны біз демократиялық сектордан келісімен алуға тиісті болды.

СУРАҚ: Арандатуды жүзеге асыру үшін сіздер және сіздермен бірге келген адамдар демократиялық сектордың жұмысшылары жөнінде не істедіңдер?

ЖАУАП: Тәртіпсіздік ұйымдастыру туралы нұсқаудан кейін, біз тұтасқан топпен Потсдам көпірінен өтіп, Потсдам алаңына қарай бардық. Ол жерде біз ереуілшілерге барып қосылдық. Сол кезден бастап біз өз міндетімізді атқаруға кірістік, яғни айқайлап ұран салып, тобырды Герман Демократиялық Республикасының үкметіне көпе басқа өкмет орындарына қарсы айдап салдық.

Біздің топтағы шамасы 20 адамның қолында бензин құйылған шөлмектер болды. Мұны олар Потсдам көпірінде тұрған американ жүк машинасынан үйлерді өртеу үшін алған болатын. Мысалы, осындай шөлмектің бірін менің көзімше Гюнтер Нимец алды.

Потсдам алаңында біздің топтағы бензин құйылған шөлмегі бар адамдар кейбір үйлерді өртеді. Ол жерде ХО магазині (мемлекеттік сауда магазині. — редакцияның ескертуі) өртенгенін мен өз көзіммен көрдім. Бұл үйге Гюнтер Нимец өзінің қолындағы шөлмекті лақтырды. Оның үстіне, біздің топтағы көп адам халықтық полицейлерге тас лақтырып, үйлердің терезелерін қыратты. Сөйтіп, біз тобырмен бірге Лейпцигерштрасседегі үкмет үйіне өттік, мұнда бұзақылық тағы да жасалды. Бірақ, бұл жолы біз халықтық полицияға және совет танктерінің экипаждарына оқ атуды да қолдандық.

СУРАҚ: Сіз өзіңіз аттыңыз ба?

ЖАУАП: Мен өзім атқаным жоқ, өйткені, қаруым болған жоқ, бірақ, орыс солдатын Ганс Юргеннің револьверден атқанын көзім көрді. Оған оқтың тиген-тимегенін білмеймін. Менің Лейпцигерштрасседегі ролім «Үкмет жо-йылсын!» деген ұранмен және басқа қорлағыш ұрандармен тобырды үкметке қарсы айдап салу болды. Тобырды ай-

отыратын болды.

Редакция газет бетінен арнаулы бөлім ұйымдастырып, ауылшаруашылық озаттарының: мал өсірушілердің, егіншілердің және механизаторлардың тәжірибелерін үнемі жариялап отырады. Партия тұрмысының мәселелері де өткен жылға қарағанда анағұрлым жүйелі және мазмұнды жазылатын болды. Партия тақырыбындағы материалдар бастауыш партия және комсомол ұйымдарының жұмысын, коммунистердің өндірістегі авангардтық рөлдерін, олардың бұқараны соғынан ерте білуі жөніндегі шеберлігін және партияның саясатын түсіндіруге тиіс. Өткен жылы газет бетінде бастауыш партия ұйымдарының 53 секретарының мақалалары жарияланды. Бұл материалдарда партиялық-ұйымдық және саяси жұмыстың жайы терең әрі жан-жақты жазылған. Редакция коллективі газетте жарияланатын материалдардың тақырыбын кеңейту арқылы бұқарамен байланысын оған әрі күшейте береді.

«Колхозное знамя» газетіндегі кемшілік сол — ол өзінің дабылы әсерлі болуы үшін жеткіліксіз күреседі. Бұл жөнінде аудандық партия комитеті де қажетті көмек көрсете алмай келеді. Газет әлі де болса мәдениет, совет және кәсіп-одақ тұрмысының мәселелерін сирек жазады.

Біздің газеттеріміз аудандарда бүкіл саяси, шаруашылық және мәдени жұмысты оған әрі көгеруде зор роль атқаратыны мәлім. Алайда, бұл қариданы кейбір партия ұйымдарының басшылары түсінгісі келмейді.

Соколов аудандық партия комитеті,

колхоздары мен совхоздары көктемгі егісті ойдағыдай аяқтап, шөп шабу науқанына кіріскелі едәуір уақыт өтті.

Атап айту қажет, бірсыпыра аудандық газеттер шөп шабу науқанының барысын сирек және үтірт жазып келеді. Мысалы, Булаев аудандық «Путь Ильича» газетінің (редактордың міндетін уақытша атқарушы Носик жолдас) соңғы номерлерінен жемшөп дайындау жөнінде мазмұнды мақалалар мен хабарларды көре алмайсыз. Осы сияқты, Приешім аудандық «Сталинское знамя» газеті де мал азығын дайындау мәселелерін терең жазбай келеді.

Аудандық партия комитеттері еңбекшілерді социалистік меншікке уақытты қарау, мемлекеттік және еңбек тәртібін қатаң сақтау рухында тәрбиелеу ісін күшейтуге жетісуге тиіс.

Преснов ауданында қоғамдық малға жауапсыз қарау оны күзетуді кейбір жерде сенімсіз адамдарға жүктеу сияқты фактілер анықталды. Сондықтан аудандық «Ударник» газетінде (редактордың міндетін уақытша атқарушы Колесникова жолдас) қоғамдық дәулетті сақтау, қырағылықты күшейту жөнінде мақалалар жазылуға тиіс еді. Бірақ, бұлай болмады.

Мамлют аудандық партия комитетінің есебін тыңдап, ҚКП облыстық комитеті ауданда партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұрмалау, ескінің қалдықтарын жандандыру сияқты фактілердің бар екенін анықтады. Мұндай кемшіліктерге қарсы белсене күресіп, ауданның партия ұйымдарына қажетті көмек көрсету — аудандық газеттің ардақты борышы. Алайда, «Знамя труда» газеті (редакторы

дастыратыны мәлім.

Аудандық партия комитеттері өздерінің баспасөз органдарына қабырға газеттеріне шолу жазу арқылы қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктардың редакторларына көмек көрсету жөнінде аз талап қояды. Бірсыпыра колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде төменгі баспасөздің жұмысы ойдағыдай болмауы, қабырға газеттерінің мерекелі күндері ғана шығуы осыдан деуіміз керек.

Партия комитеттері өз газеттерінің сауаттылығына және полиграфиялық өңделуіне көп назар аударуға тиіс.

Біздің газеттерімізде көрсетілген кемшіліктер газет кадрларын іріктеп алу және тәрбиелеу ісіне жете көңіл бөліп-бейтіндігін көрсетеді. Кейбір аудандық партия комитеттері жергілікті жерлерде газет қызметкерлерінің резервін жасауды ескермейді. Тек осы себепті Соколов аудандық газет осы уақытқа дейін секретарьдың орнына кісі таба алмады. Преснов ауданында редактор жоқ.

Сонымен қабат, баспасөз қызметкерлеріне өздерінің саяси білімдерін және мамандығын үнемі арттыру жөнінде қатаң талап қойыла келеді.

Партия бұқараға марксизм-ленинизм идеяларын кеңінен насихаттау, еңбекшілерді коммунистік құрылыстың программасын ойдағыдай жүзеге асыру жөнінде советтік баспасөздің, оның көптеген отряды аудандық газеттердің алдына күрметті және жауапты міндеттер қойып отыр. Газеттерге партия басшылығының дәрежесі жоғары болуы — олардың алдында тұрған міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуының көпілі.

Әсерлі етіп орындады. Аудандық төреші комиссия З. Қабдрахманова, М. Шаяқанова және А. Байтақовты көркемөнершілер дарындылығының облыстық байқауына жіберуге ұйғарды.

А. САДЫҚОВ.

Село клубы қызметкерлерінің семинары

Қаладағы мәдениет және демалыс паркінің оқу залында эстрада шебері Владимир Варначевпен аудандық, селолық клуб қызметкерлерінің кездесуі болды.

В. Варначев жолдас оларға өзінің творчествосы, мәдени-үгіт бригадасын қалай құру керектігі туралы айтты. Бұдан кейін кәзіргі заман тақырыбына жазылған бірқатар музыкалық фелетондарды оқып берді.

А. ОВЧИННИКОВ.

Жаңа мал қоралары

Совет ауданындағы Ленин атындағы колхозда мал қораларын салу жұмысы қызу жүргізілуде. Бұл үшін колхозда арнаулы құрылыс бригадасы ұйымдастырылды. Бригада кәзір 150 бас ірі қара мал сыятын қора салып жатыр. Бұл құрылысты августтың 1-не дейін аяқтап болмақ.

Қ. ӘБДІҚАЛЫҚОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„БАСҚАРМА ЖАУАПТЫ ЕКЕНІН БІЛЕ МЕ ЕКЕН“

«Ленин туы» газетінің редакциясына осы тақырыпта тілші хаты түскен болатын. Онда Ленин ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың председатели Нұрғалиев жолдасын мал шаруашылығына ешқандай көңіл бөлмегендігі, жемшөп қорының мол дайындалмағаны, соның салдарынан малдың шығын болғаны айтылған еді.

ҚКП Ленин аудандық комитеті тілші хатында көрсетілген фактілердің толық анықталғандығын хабарлады. Осы колхозда аталған кемшіліктерді жою үшін нақтылы шаралар белгіленген.

„Ашықауыз Әбілмәжіновтың әлегі“

«Ленин туы» газетінің редакциясына осы тақырыпта тілші хаты түскен еді. Онда Октябрь ауданындағы Ақсу жетіжылдық мектебінің директоры Әбілмәжінов жолдасын оқу-тәрбие жұмысына нашар басшылық жасағаны, сынан тиісті қорытынды шығармайтыны айтылған болатын.

Тілші хатында көрсетілген фактілер тексеріп келгенде негізінен анықталды. 1952-53 оқу жылында Әбілмәжіновтың оқу-тәрбие жұмысына дұрыс басшылық жасамағаны үшін ол орнынан алынды. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгіленді.

И. ВАСИЛЬЕВ,

Приешім аудандық газетінің редакторы.

Қаулыны қолдаумен іс бітпейді

Сталин атындағы колхозда өткен мал қыстату маусымы ойдағыдай ұйымдастырылмады. Мал азығы жеткіліксіз болды. Бұл кезде колхоздың жеткіліксіз мәжілісте болсын, жыйналыста болсын «жаз мал азығын дайындау ісін тыңғылықты ұйымдастыру жөнінде қыстан үлкен сабақ алдық, жемшөп дайындауды мықтап қолға аламыз» дейтін.

Бірақ, не пайда, колхоз басшыларының сол кезде айтқан сөзі мен кәзіргі ісі бір жерден шықпай отыр. Олар қар кетіп, мал жайылымға шыққан соң-ақ қыстың аязды күндерінде айтқан сөздерін ұмытты. Апрель, май айларында шөп шабу науқанына әзірлік жөнінде тіпті әңгіме де болған жоқ.

Июнь айында, көршілес шаруашылықтардың бірсыпырасы жүздеген гектар жердің шөпін шауып жыйнаған кезде, колхоз партия ұйымының секретары Жуков жолдас партия жыйналысын шақырды. Онда коммунистер колхоз басқармасы мен партия ұйымының шөп шабу науқанына

нәмісін қарап келгенін батыл сынай, бұл жұмысты ұйымдастыру жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Партия жыйналысы коммунистерді шөп шабу науқанына көптен қатыстыру, пішеншілердің социалистік жарысын нәрменді ұйымдастыру, осының негізінде мал азығының берік қорын жасауды қамтамасыз ету жөнінде қаулы алды. Бірақ, мұнымен істің жайы өзгермеді. Өйткені, партия ұйымының секретары Жуков жолдас партия жыйналысы қаулысының орындалуын ұйымдастыруды тағы да естен шығарды. Бұл пікірімізді нақтылы мысалдармен дәлелдейік.

Колхозда шөп шабу науқанының бас-талғанына оншақты күн өтті. Екі бригаданда шөп шабатын 7 ат машинасы және тракторға тіркелген 2 кеңалымды машина жұмыс істейді.

Алайда, осы уақытқа дейін небары 267 гектар-ақ жердің шөбі шабылды. Бұл — жоспардың бестен бірі де орындалмай отыр деген сөз. Шөп шабу науқанының қарқыны өте бәсең болуын, еңалдымен,

пішеншілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстың нашар ұйымдастырылуынан деп білуіміз керек. Колхоз үгітшілерінің бірде-бірі пішеншілер арасында болған емес. Үгітші Прохорокий, Бублиник жолдас-тар селодан шығып, пішеншілерге баруды қыйынсынатын көрінеді. Пішеншілердің қостарынан социалистік жарыс шарттарын, көрсеткіш тақталарын, жауынгерлік листоктарды, газет, журналдарды іздеп таба алмайсыз. Осылай болғандықтан пішеншілердің өнімді жұмыс істеуі жөнінде қандай сөз болуы мүмкін.

Шөп шабу аса маңызды міндеттердің бірі. Бұл жөнінде тек жыйналыс шақырып, қаулы алумен іс бітпейді. Бастауыш партия ұйымы және оның секретары Жуков жолдас колхоз басқармасының жұмысына бақылауды күшейте отырып, пішеншілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуге міндетті.

И. ВАСИЛЬЕВ,

Приешім аудандық газетінің редакторы.

налғандардың бәрі басы болып отырған Пауль Гюнтинг, Ганс Юрген және әскери форма киген американдық Хивер. Хивердің екі жүлдызды погондары бар. Гюнтинг жыйналғандарға былай деді: біздің міндетіміз Берлиннің демократиялық секторына барып, онда ереуіл жасаушы жұмысшыларға қосылу, сөйтіп, бейбіт ереуілді Герман Демократиялық Республикасы үкіметін құлату талабын қойған бүлікшілікке айналдыру.

Кореядағы оқыйғалар

Халық Армиясы бас командованиясының хабары

ПХЕНЬЯН, 19 июнь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясының бүгінгі берген хабарында былай делінген:

Өткен күні Юртон деревнясы ауданында Пенамдонның шығысына қарай төрт километр жерде дұшпан бір батальонның күшімен жеті рет шабуыл жасаған. Бірақ, ол көп шығындарға ұшырап тойтарылған.

Американ авиациясы ешбір соғыс объектісі жоқ бейбіт елді аудандарды әлі бомбалауда. Кеше американдық самолеттері Тхячон және Кусен су қоймаларын бомбалады. Үлкен шығындар бар. Бүгін олар Чунхва уезіндегі Кундели және Сенчонли деревняларын сұрапыл бомбалады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 6 самолетін атып түсіріп, 3 самолетін зияндады.

ПХЕНЬЯН, 20 июнь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясы бүгін Корея Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің бөлімдері Юртон деревнясының оңтүстік-шығысында екі километр жерде дұшпанға қарсы кескілескен ұрыстар жүргізді деп хабарлады. Дұшпанның

дап салуға бізге американдар үлкен көмек көрсетті. Өйткені, олардың нұсқауы бойынша секторлардың шекарасында үлкен-үлкен екі репродуктор орнатылған. Олар неміс және орыс тілдерінде айдап салатын сөздерді үздіксіз беріп тұрды. Антон Лефрлер орыс тілінде сөйлеп тұрды. Ол полицияны және орыс әскерлерін бүлікшілерге қарсы ешнәрсе қолданбауға, Батыс Берлинге өтуге шақырды.

бір полкі 20-дан астам самолеттердің қолдауымен халық әскерлерінің шебіне оннан аса күшті атакалар жасады. Алайда, дұшпанның барлық атакалары тойтарылып тасталды.

Кеше күнде американдық әуе-соғыс күштерінің 16 ауыр бомбардировщиктері Пхеньян қаласын тағы да беталдымен бомбалауға ұшыратты. Осының салдарынан ондаған балалар, қарттар мен әйелдер қазаға ұшырады. 30-дан астам жер үйлер қырады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 4 самолетін атып түсіріп, 5 самолетін зияндады.

ПХЕНЬЯН, 21 июнь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясы 21 июньде мыналы хабарлады:

Өткен күні барлық майдандарда артиллериялық атыстар болды. Елеулі өзгерістер болған жоқ.

Кеше күнде Американдық авиациясы Синьчжун және Намсиді тағы да айуандықпен бомбалауға ұшыратты. Халық арасында қаза тапқандар бар.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 2 самолетін зияндады.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРАДА»

«СИЛЬВА»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДАУЫЛ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

«Главбувьсбыттың» сауда базасына тұрақты жұмысқа бас бухгалтер КЕРЕК.

Жұмыс жөнінде қызмет уақытында келіп түсінік алуға болады. Адрес: Степанов көшесі, 130-үй, телефон 4-14.

ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ № 40 ФЗО ҚҰРЫЛЫС МЕКТЕБІ

Жаңа оқу жылына 16—17 жастағы қыздар мен жігіттерді қабылдайды. Мектеп ағаш шеберлерін, штуркатуршылар даярлайды. Оқу мерзімі 6 ай. Мектепке түсу үшін мынадай документтер керек: тууы туралы куәлігі, білімі туралы куәлігі не паспорты, тұрған жерінен анықтама, төрт фотосуреті.

Адрес: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағор көшесі, 100-үй.

Петропавл аудандық тұтынушылар одағына қала маңындағы селолық тұтынушылар одағында жұмыс істейтін бухгалтер КЕРЕК.

Жұмыс жөнінде мына адреске келіп жолығуға болады. Бостандық көшесі, 11-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.